

САУАТ АШУ

1

2-бөлім



Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас

САУАТ АШУ

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық



1

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2016

ӘОЖ 373.167.1(075.2)

КБЖ 81.2 Қаз-922

Ж 81

Шартты белгілер:



– Мерей



– Әли



– жаңа сабак



– жаз



– айт



– ойлан



– оқы



– ойна



– тыңда



– топпен жұмыс



– жұппен жұмыс



– жаңа ақпарат



– ізден



– күрделі тапсырма

Жұмабаева Ә.Е.

Ж 81 Саят ашу. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық /Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас. – Алматы: Атамұра, 2016. – 112 бет.

ISBN 978-601-306-605-9

ӘОЖ 373.167.1(075.2)

КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-306-605-9

© Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И.,
Сәдуақас Г.Т., 2016

© «Атамұра», 2016

ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН

АС – АДАМНЫң АРҚАУЫ

1



Дыбыстар мен әріптер



– Өли, менің таңғы асты ішкім келмейді. Ботқаны тіпті жегім келмейді. Оның орнына тәтті тоқашпен, көмпитетпен шай ішкенді ұнатамын.



– Мерей, таңғы асты ішпеу дұрыс емес. Мен таңертең анам дайындаған ботқаны үнемі жеймін. Әртүрлі шырын ішуді ұнатамын.

Анам маған сабакты жақсы оқу үшін дұрыс тамақтану керектігін айтады.



– Меніңше, дұрыс тамақтану деген өзің қалаған тағамды тойып жеу деп ойлаймын.


Ал сендер қалай ойлайсыңдар, балалар?



1-жаттығу. Мәтінді оқы.

Назира жол бойы бутерброд жеді. Сүт, айран ішті. Ал Әсет әжесі салып берген тамағының бәрін күшігіне берді. Өзі қытырлақ пен көмпитет жеді. Газдалған сусын ішті. Содан соң оның асқазаны ауырды. Катты ауырғаны соншалық, өзін өте әлсіз сезінді.


- Мәтін кейіпкерлері дұрыс тамақтанды ма?
- Қалай ойлайсыңдар, тамақтан адам денсаулығына зиян келе ме?



• Тамақ, сусын, кәмпіт сөздерінде неше дыбыс, неше әріп бар?



2-жаттығу. Суретке қарап, олардың қандай дыбыс шығаратынын айтып көріңдер.



3-жаттығу. Мәтінді оқы.

Айналаңа құлақ түрші. Судың сылдыры, ағаштардың шуылы, мәшине, пойыздың гүрілі естіледі. Бұл дыбыстардан бөлек адамның сөйлеуі арқылы шығаратын дыбыстар бар. Дыбыстар біздің бірбіріміздің ойымызды түсінуге көмектеседі. Бұлар – тіл дыбыстары.



— Сонда тіл дыбыстарының басқа дыбыстардан өзгешелігі неде?


— Мерей, мұны білу үшін *үй*, *бор*, *күшік* сөздеріндегі дыбыстардың орнын ауыстырып айтып көрші. Сөз мағынасын түсіндің бе? Түсінбедің, яғни тіл дыбыстары сөз жасау үшін, сөздің мағынасын түсіну үшін керек.



Барлық сөз дыбыстардан тұрады, оларды жазуда әріппен белгілейміз.



4-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрап жаз. Сол оқиғаға байланысты өз пікіріңді айтып көр.





5-жаттығу. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты. Тамақ дәмді өрі пайдалы болуы тиіс.

- *Адам, тамақ, дәмді сөздерінде неше дыбыс, неше өріп бар екенін айт.*



2



1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Дастарқанда бауырсак, кәмпитет, қант, нан бар.

Атасы Аянға кәмпитет алып берді де:

- Дүниедегі ең тәтті нәрсе не? – деді.
- Кәмпитет, – деді Аян.
- Жоқ, таба алмадың.
- Онда, қант.
- Жоқ, ол да емес. Сен тұzsыз пісірілген нанды, тамақты жей аласың ба? – деді атасы.
- Жоқ, ондай тамақ дәмді болмайды ғой.
- Енді таптың. Дүниеде тұздан тәтті, тұздан дәмді нәрсе жоқ, – деді атасы.

Жаңыл Адамбаева



- Сұрақтарға жауап беріп көр.

1) Мәтінде не туралы айтылған?

2) Аян атасының жұмбақтаған нәрсесін тапты ма?

3) Дүниедегі ең тәтті не болды?

2-жаттығу. Көркем жаз.



Мұз астын, дамың кейтіреді.

3-жаттығу. Бір бала әріптерді ортасынан бөліп тастапты.
Енді оларды ешкім тани алмайды. Сен көмекке кел, әріп-
терді бұрынғы қалпына келтір.



А О П М И Ш Д

4-жаттығу. Қатесіз көшіріп жаз.



Бізге ғана тән
Қызыл күрең бауырсақ,
Дастарқанға сән.



• Қарамен берілген сөздердің мағынасы қай дыбыстың
әсерінен өзгеріп тұрғанын тауып көріндер.





5-жаттығу. Сөз жұптарының мағынасы қай дыбыстың
әсерінен өзгергенін тауып көріндер.

Дала – қала – бала, баба – бата – баға, үн –
үн, тор – төр.



6-жаттығу. Қөп нұктенің орнына тиісті әріптерді қо-
йып, мағыналы сөз құрап жаз.

қа 

жа 



3

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Дауысты және дауыссыз дыбыстар



– Әли, сен дастарқанға ең алдымен не қо-
йылатынын білесің бе?



– Жоқ, Мерей. Дастарқанға не қойса да
бәрібір емес пе?



– Онда төмөндегі мысалдан бұл сұрақтың
жауабын таба аламыз.



1-жаттығу. Мәтінді тында.

Нанға бал жағып жеп отырған Асқар әжесіне
қарап:

– Әже, бал тәтті ме, әлде нан тәтті ме? – деп
сурады.

– Нан тәтті, – деп жымиды әжесі.

– Жоқ, әже, бал тәтті ғой, – деді Асқар.

– Иә, балам, бал тәтті. Бірақ қанша тәтті бол-
са да, күнде жей алмайсың. Ал нанды күн сайын
жейсің. Наннан қасиетті тағам жоқ. Сондықтан
нан тәтті десек те болады.

Жұмабай Қайранбай



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Асқардың әжесі нанды не себепті тәтті деді?
 - 2) Сендер қалай ойлайсындар, нан тәтті ме, әлде
бал тәтті ме?
- Нан, бала, қасиетті сөздеріндегі дыбыстардың қай-
сысы дауысты, қайсысы дауыссыз екенін айт.

- Дауысты және дауыссыз дыбыстарды атаңдар. Жауаптарыңды келесі беттегі ақпаратпен салыстырыңдар.



Дауысты дыбыстар: **а, ә, е, о, ө, ү, ұ, ы, і, и, (у).**

Дауыссыз дыбыстар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, қ, ң, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ң, ч, ш, щ, (у).**

2-жаттығу. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.



Нан – қасиетті тағам. Дастанқанға алдымен нан қойылады. Нанды жерге тастауға болмайды.




- Бірінші сөйлемдегі сөздерді дауысты және дауыссыз дыбыстарға ажырат.



3-жаттығу. Сөйлемді суретпен сәйкестендір.

Табага салып жапқаным не?



Кілегей шайқап алғаным не?

Сөреге кептіріп жайғаным не?



- Жасырынған әріптерден басталатын тағам атауларын табыңдар.

Ң Ң

4-жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.





Есінде болсын, балам,
Нан – қастерлі тағам.



✓ 5-жаттығу. Өзіңе ұнайтын тағам түрлерін төмендегі белгілермен көрсет:

ұнайды – ☺

ұнамайды – ☹







✓ 1-жаттығу. Суреттерді ретімен қойып шық және әңгімелे.




1



3



4




5



2



6





2-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Ақ тоқаш

Тұс кезі. Екі дос мектептен қайтты. Екеуінің қолында ішінде шұжығы бар ақ тоқаш. Қажыкен нанының бір кішкене қалдығын қағазға орап, сөмкесіне салып алды. Ал Қажыкеннің досы өзі тойғаннан кейін тоқаштың қалғанын бір кескен шұжығымен бірге лақтырып жіберді. Қажыкен досына қарап, ...

Мәдіхат Төрежанов



- Ары қарай не болатынын болжап, мәтінді жалғастыр.
- Мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып көріндер.




3-жаттығу. Мақалды көркем жаз.

Еңбекпен тарған наң татті.



4-жаттығу. Дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға ажыратып топтап жаз.



Үлгі:

Дауысты дыбыстар: а, ...

Дауыссыз дыбыстар: б, ...

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

5 

Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар

1-жаттығу. Суретке қара.



— Мынау — мектеп асханасы.

Асхана кең, жарық өрі таза. Біз үшінші сабактан кейін асханаға тамақ ішуге барамыз. Аспазшылардың пісірген тамақтары өте дәмді. Мен сорпа ішемін не ботқа жеймін. Шаймен немесе шырынмен тәтті тоқаш жегенді ұнатамын. Тамақ ішер алдында қолымызды жуып, бір-бірімізге «Ас болсын!» дейміз.

• Сыныптастыңмен өз ойынды бөліс.



1) Асханаға кірерде не істеу керек?

2) Түскі асқа қандай тағам аласын?



- Мәтіннің бірінші сөйлеміндегі сөздерден дауысты дыбыстарды табындар. Олардың жуан немесе жінішке екенін айтындар.



Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ү, ы.

Жінішке дауысты дыбыстар: ө, е, ə, ү, і.



2-жаттығу. Көркем жаз.

*Мектепте асхана бар. Балалар үзілісте
асханаға келді.*



3-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, қатесін түзеп жаз.



Балалар шөп жеді. Сиыр асханаға барды. Мысық тамақ ішіп болып, «рақмет» деді. Қүшік тәтті тоқаш алды.



- *Балалар, қүшік сөздеріндегі дауысты дыбыстар жуан ба, жінішке ме?*



4-жаттығу. Тиісті өріптерді қойып, бірнеше сөз жаса.



- Сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жінішке екенін айт.

1-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

6



Біздің бұл мектепте
Бар өсем асхана.
Бар онда аспазшы –
Ақкөңіл жақсы аға.

Әлде май, құймақ па?
Борщ па, сорпа ма?
Әлде бал, қаймақ па?
Тұрады ортада.

Тәп-тәтті тағамы,
Ағай ас маманы.
Пісіре білгенге
Астың жоқ жаманы.

Қабдықарім Йұрысов

Сұрақтарға жауап бер.




- 1) Өлең не туралы?
- 2) «Астың жоқ жаманы» дегенді қалай түсінесің?



2-жаттығу. Сөзжұмбақты дұрыс шешсөндөр, өлеңдегі аспазшының аты шығады. Ол үшін суреттегілердің атауларын тиісті торкөздерге орналастырындар.



Сарымай
алма
шоколад
акомод за
найро



 Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Сөзжұмбақ кім туралы?
- 2) Ол қайда жұмыс істейді?
- 3) Аспазшы қандай тағамдар дайындаиды?
- 4) Қандай тағамдарды білесің?



3-жаттығу. Көркем жаз.

Ас - адамның арқауы.



4-жаттығу. Суретке қарандар. Дүкен сөресіндегі тағам түрлерінен өздеріңе пайдалысын таңдаң алыңдар. Содан соң оның пайдалы екенін дәлелдей көріңдер.



5-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Есіңе сақта.



Тамақты сораптамай іш.

Тамақ ішіп отырғанда көп сөйлеме.

Ізеттілік сөздерін айтуды ұмытпа.



- Сөйлемдегі сөздерде дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін айт.

7



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Аспазшы сәбіз, орамжапырақ, картоп, қызанакты ұсактаپ турайды. Тураган көгөністерден дәмді тағамдар даярлайды. Оларды турағанда аспазшының қолы қолына жүқпайды.

Мен:

– Қалай тез турайсыз? – деп сүрадым.

Аспазшы:

– Әр іс көп жаттығуды керек етеді ғой, – деп жауап берді.



- Мәтін мазмұнын айтып көр.
- Мұғалімнің көмегімен мәтіндегі соңғы сөйлемнің мағынасын түсіндіріп көр.
- *Тағам, сәбіз сөздерінің дыбыстық сыйбасын жаса.*



2-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап. Жатқа жаз.



Аспай піскен,
Кайнамай түскен.

ЖАТҚА
ЖАСА





3-жаттығу. Ребусты шешіндер. Бұлар мектеп асхана-
сындағы тағамдарда кездесе ме?




4-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа айт.

Біздің аспазшы да
Жақсы аспазшы.
Сіздің жас аспазшыңыз да
Жақсы аспазшы.



Сөздердегі ы, і дыбыстарының бір-біріне үқастығы
мен бір-бірінен өзгешелігі неде екенін айтып көр.



БІЗДІҢ КАФЕДЕ

8



Буын

1-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқы.



Балалар аналарымен кафеге келді. Олар тапсырыс беру үшін даяшыны шақырды. Осы арада екі бала бір-бірімен сөйлесіп те үлгерді.

- Сенің анаң қайда жұмыс істейді?
- Менің анам – дәрігер. Ал сенің анаң қайда жұмыс істейді?
- Менің анам – наубайшы. Ол адамдарға нан пісіреді. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды.

– Дәрігер де өмір сүре алмай ма?
– Иә, нансыз дәрігер де өмір сүре алмайды.
«Астарың дәмді болсын!» деген даяшының сөзі балалардың әңгімесін үзіп жіберді.



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Балалар аналарымен қайда келді?
- 2) Олар тапсырыс беру үшін кімді шақырды?
- 3) Олар не туралы сөйлесті?
- 4) Балалардың аналары кім болып істейді?

- Екі баланың арасында болған әңгімені айт.
- Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді көшіріп жаз.
- *Дәрігер, наубайши* сөздерін буынға бөл.



– Сөздерді буынға бөлеміз: *a-na, a-ra, яғни* буында мағына болмайды екен. Бірақ *май, нан, ет* дегенде буын мен сөздің еш айырмасы жоқ қой.



Сонда сөз бен буынның айырмасы неде?
– Сен дұрыс байқадың, Әли. Буын мен сөз кейде бір-бірімен сәйкес келеді. Сөзде мағына болады, ал буында мағына болмайды.



✓ Сөз буынға бөлінеді. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады: ✓

ақ, уа-қыт, жү-рек. Жатай

2-жаттығу. Сиқырлы сандықшадан ізетті сөздерді ізде.



өтінемін
мүмкін болса
гафу етіңіз
кешіріңіз




3-жаттығу. Сыныптастыңмен «Қафеде» тақырыбында сөйлес. Сөйлесу барысында өтінемін, мүмкін болса, гафу етіңіз сөздерін пайдалан.





✓ 4-жаттығу. Суреттегі тағамдардың атауын қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.



• Суреттегі тағам атауларын буынға бөл.



«Кім жылдам?» ойыны. Өуелі бір буынды, содан кейін екі буынды және үш буынды сөздерді ата.





— Өли, менің де кафеге барғым келіп тұр.



— Жоқ, Мерей. Кафеге үлкендермен бірге бару керек. Одан да балалармен ақылдасып, сыныбымыздың ішінен өз кафемізді жасап алайық.



— Оны қалай жасаймыз? Кафеге не керек?




— Болашақ кафеміздің немен жабдықталатынын төмендегі суреттен көре аласың.

1-жаттығу. Суретке қараңдар. Сыныпта «Біздің кафе» бұрышын қалай жасауға болатынын айтып көріндер.



«Біздің кафе» бұрышы



— Мерей, «Біздің кафеге» қонақтар да келіп қалды. Оларды қарсы алайық.



2-жаттығу. Өңгімені тыңда.

Не дәмді?

Құстар мен жануарлар бір бас қосқанда қандай тамақтың дәмді екенін талқылапты.



Сонда тауық:

— Ең дәмді тамақ — тары, — депті қыт-қыттап.

— Тапқан екенсің дәмді тамақты! Қеміріп жейтін сүйекке не жетсін! — дейді ит абалап.



— Бірің де білмейсің. Құтірлетіп жейтін сәбізден артық ештеңе жок, — дейді қоян екі құлағын тікірейтіп.

— Жас шыбықтың қабығынан дәмді не болушы еді! — деп ешкі маңырапты.



— Шіркін, қою сүтті айтсандаршы! — деп мысық тамсанады.

Сөйтіп өрқайсысы өзі жақсы көретін тағамды мақтап, келісе алмай тарасыпты.

• Мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып көріндер.

— Қане, балалар, нениң дәмді екенін сендер айтындаршы?



• Тауық, тары, мысық, сүйек сөздерін буынға бөліп жаз.

3-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.



Тары адам ағзасына пайдалы. Тарыдан түрлі тағамдар жасалады.

- Сөйлемдегі сөздердің буын санын анықта.



4-жаттығу. Буындардан мақал құрап оқындар.



- Мақалдың мағынасын қалай түсінетіндерінді бір-біріне айтып көріндер.



1-жаттығу. Суретке қара.

10





- Қыздың үстел үстіне қойған көгөністеріне қарап, қандай тамақ дайындағалы тұрғанын айтып көр.
- Ең алдымен қазанға не салу керек?



2-жаттығу. Осы көгөністерден тағы қандай тағамдар дайындауға болады? Ойларыңмен бөліс.



3-жаттығу. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.

Жайлы, жұмсақ төсегім,
Домаланып өсемін.
Қабат-қабат тоным бар,
Қалай оны шешемін?

O	r	a	m	a	n	t	r	a	g
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---



- Орамжапырақ қайда өседі?
- Орамжапырақтың қандай пайдасы бар?
- Одан қандай тағам түрлерін дайындауға болады?

4-жаттығу. Өленді көгөністердің атын қойып оқы.




Көгөніс



Әкелді анам базардан,
Барлығынан тазарған:



~~Ас қылатын мен асты,~~
~~Деп өзара таласты:~~



~~Пышак – өткір құрал-ды,~~
~~Бірі қалмай туралды:~~



Қазанға кеп түсті де,
Қайнап-қайнап пісті де:



Айналды бір дәмді асқа,
Амалың жоқ нанбасқа!

Юлиан Тувум



- Көгөніс атауларын буынға бөліп жаз.



- ✓ 5-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Көгөністер мен жемістерден жасалған тағам
денсаулыққа пайдалы. Себебі олардың құрамында
дәрумен көп.





Тасымал



– Әли, біздің кафеге адамдар көп келу үшін не істеуіміз керек?



– Ол үшін біз өз кафемізді жарнамалауымыз қажет.



– Жарнама деген не?



– Жарнама таныстырыу дегенді білдіреді. Мысалы, біз кафемізді жарнамалау үшін оның ерекше бір белгісін айтуымыз керек. Соған байланысты суретін салып, іліп қоюға да болады.



– Онда біз кафеміздің алдына бауырсақтың суретін іліп қояйық.



– Иә, Мерей. Солай істейік. Ал сен бауырсақтың да старқанға қалай келетінін білесің бе? Оны төмендегі берілген өлеңнен біле ала-

мыз.

1-жаттығу. Өлеңді тыңда.



Қайдан келдің, бауырсақ?

Дастарқанда шашылып,
Жатты аппақ бауырсақ.
Бауырсаққа қызығып,
Қарап тұрып көзін сап:

– Қайдан келдің, бауырсақ? –
Деп сұрады қуыршақ.
– Жер – анам менің көсілген,
Диқандар мені өсірген.
Арғы тегім – ақбидай,
Тәттімін, жеп көр бақшимай!
Жесең өзің байқарсың,
Рақметінді айтарсың.
Айырылmas дос болайық,
Адамға достық лайық!
Менің атым – бауырсақ,
Сенің атың – қуыршақ.

Отебай Тұрманжанов



- Өлең мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойып көріңдер.



- *Диқан, бауырсақ, бидай* сөздері жазып келе жатқан жолға сыймаса, қалай жазасың?



✓ 2-жаттығу. Сөздерді тасымалдап жаз.

Бидай, дастарқан, диқандар.

Улгі: Ба-уырсақ, бауыр-сақ.



3-жаттығу. Мына сөздерді тасымалдауға бола ма?

Ай, күн, тай, бұлт, жент.

✓ 4-жаттығу. Улгіге қарап, жарнама жазып көріңдер.





Жарнама

Өз сыныптарында кафе
бұрышын ашқыларың келсе,
біз көмек беруге дайынбыз.

12



1-жаттығу. Сурет бойынша ертегі құрандар.





- Құраған ертегілеріңе ат қойындар.
 - Ертегі мазмұны бойынша бір-біріңе сұрак қой.
 - *Орамжапырақ, ертегі* сөздерін тасымалдандар.
- 2-жаттығу.** Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.

Орамжапырақта дәрумен көп. Ондағы В дәрумені көздің көруін жақсартады.



- *Дәрумендер* сөзін тасымалдаپ жаз.

3-жаттығу. Есіне сақта:



1. Сөздер буынға бөлініп тасымалданады.

Дұрыс	Дұрыс емес
ке-кілік кекі-лік	кек-іл-ік

2. Тасымалданғанда бір әріпті сол жолға қалдыруға немесе келесі жолға көшіруге болмайды.

Дұрыс	Дұрыс емес
оку-лық	о-қулық, оқулы-қ

3. Бір буынды және екі буынды сөздер тасымалданбайды:
ай, бұлт, күн, сен,
а-та, ә-же.



4-жаттығу. Тасымалдауға болмайтын сөздерді көшіріп жаз.



Бота, қой, жаңбыр, бұғы, көз, қол, ет, парта, домбыра.

5-жаттығу. Жасырын тұрған тағам атауларын тап.



о	н	ө	д	ү	л
ш	а	й	р	ұ	з
к	н	ұ	м	а	й
к	ә	м	п	и	т
т	о	қ	а	ш	е

- Тапқан сөздеріңің қалай тасымалданатынын айт.

6-жаттығу. «Бұындар сыйлығы» тақырыбындағы пікірталасқа дайындал.



Үздік оқушылар сыйлық алды. Сыйлық саны әртүрлі. Мысалы: Айгүл 2 сыйлық, Нұрсөule 3 сыйлықтың қалай бөлінгенін тауып айт.



13

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

Әліпби



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Наурызкөже

Наурыз – жыл басы.

Наурыз тойының маңызы – халыққа молшылық тілеу. Сол үшін қазан-қазан наурызкөже жасайды. Наурызкөже әртүрлі дәннен жасалады. Оған бидай, тары, қамыр, су, ет, тұз, сүт сияқты жеті дәм салынады. Наурызкөжеге арнап ет, қазы сакталады.

Көжеге құрт езіп, уызды да қосады.

Нұрқасым Қазыбеков



Өз ойыңмен бөліс.

- Наурыз қандай мереке?
- Наурызкөже қалай жасалады?
- Наурызкөже саған үнай ма?
- Сен рецепт жаза аласың ба?




– Рецепт деген не?



– Рецепт дегеніміз қандай да бір тағамды жасауға қажетті заттар мен олардың жасалу жолдарының көрсетілуі.





— Онда «Наурызкөженің» рецебін даярлауға кірісейік. Ол үшін наурызкөжеге қажетті заттарды суреттерден табайық.

2-жаттығу. Көркем жаз.



Чынс оң балын!

Ақ мал балын!

Наурыз мерекесі машиныңдың дінгінегі.

3-жаттығу. Дереккөздерден наурыз мерекесі туралы жаңа ақпарат тауып көр.



4-жаттығу. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.



Наурыз келді тойлаймыз,
Шаттанамыз, ойнаймыз.
Дастарқан үсті сәнді екен,
Наурызкөже дәмді екен.

Тұрысбек Еділбаев



14

Бірде балалар өліпби жайында таласып қалды. Олардың бірі: «Өліпбиде «А»-дан кейін барлық әріптер өз еркінше тұра алады», – деді.



– Сонда «А»-дан кейін кез келген әріпті өз қалауымызша қоя берсек болады еken fой.



– Жоқ, Мерей, олай болмайды. «А»-дан кейін «Ә», одан соң «Б» тұрады, өр әріптің өз орны бар. Әріптер осылайша белгілі бір ретпен беріледі. Мұны өліпби деп атайды.



1-жаттығу. Өліпбидегі әріптерді дұрыс оқы.

Aa (а)	Әә (ә)	Бб (бы)	Вв (ве)	Гг (gi)	Ff (ғы)	Дд (ды)
1	2	3	4	5	6	7

Ee (e)	Ёё (йо)	Жж (жы)	Зз (зы)	Ии (и)	Йй (қысқа й)	Kk (ki)	Ққ (қы)
8	9	10	11	12	13	14	15

Лл (ыл)	Mm (мы)	Hh (ны)	Nn (ын)	Oo (о)	Өө (ө)
16	17	18	19	20	21

Pp (пы)	Rr (ыр)	Cc (сы)	Tt (ты)	Yy (у)	Ұұ (ұ)
22	23	24	25	26	27

Үү (ү)	Фф (әф)	Xx (хы)	Hh (хы)	Цц (це)	Чч (че)
28	29	30	31	32	33

Шш (шы)	Щщ (ща)	ъ (айыру белгісі)
---------	---------	-------------------

34	35	36
----	----	----

Ыы (ы)	Ii (и)	ъ (жіңішкелік белгісі)	Әә (ә)	Юю (йу)
37	38	39	40	41

Яя (йа)

42

2-жаттығу. Кісі аттарының қай өріптен басталып тұрғанын тап.

...әуле

...рлан

...йғаным

...нар

...әди

...хмет

- Тапқан кісі аттарын өліпби ретімен жаз.

3-жаттығу. Өліпбиде жетінші тұрған қай өріп? Т өрпінің алдында және соңында тұрған өріптерді ата. Сол өріптерден басталатын сөздер ойлап тап.

4-жаттығу. Санмен берілген сөздерді тап. Оларды жаз.

1, 16, 1;


28, 14, 38;

3, 20, 25, 1.

15



1-жаттығу. Суретке қарап, өліпбидің қай кезде қолданылатынын айт. Өзің мысал келтір.



Қазақ өліпбииңде 40 өріп және екі таңба (ъ, ъ) бар.



2-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Сүт ішсөң

Ыстық-ыстық сүт ішсөң,
Дәмі кетпес таңдайдан.
Бой жадырап кенеттен,
Буы шығар маңдайдан.

«Ағарған» деп, «ақ дәм» деп,
Аналар төгіп-шашпайды.
Сүт төгілсе «обал» деп,
Аяғымен баспайды.

Отебай Тұрманжанов



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өлең не туралы?
- 2) Сүттің пайдасы қандай?
- 3) Сен сүт ішкенді ұнатастың ба?
- 4) Сүтті «ағарған» деп неге атайды?



3-жаттығу. Өзің сүттен не жасай аласың? Соның реце-
бін жазып көр.




Рецепт



4-жаттығу. Сызба бойынша сүттен жасалатын тағамдарды ата.



май



5-жаттығу. Суреттердің көмегімен сөзжұмбақты шеш.



К а з
В а р д ы з
В а ч у т и н
Ш ы с с и к
С ү з д ә



- Шешуіндегі сөздің бірінші өрпі әліпбиде нешінші тұрганын айт.



16

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

Мәтін



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Уыз деген не, сен білесің бе? Ол – жаңа туған малдың: сиыр, қой, ешкі, түйенің алғашқы сүті. Ол өзі қою, тәтті болады. Сиырдың уызынан уыз көже жасап, бұкіл көршілерді шақырады.

Малдың төлдері уызға өбден тоюы керек. Уызына тоймаған төл жүдеу болады. Сондықтан да үлкендер мал төлін өбден емізіп, уызына тойдырады.



- Мәтінде неше сөйлем бар? Олар не туралы? Бұл сөйлемдерге ат қоюға бола ма? Болса, ат қойып көр.



— Мына сөйлемдердің бәріне ортақ бір ат қоидың. Сонда сөйлемдердің бәріне ат қоя беруге бола ма?



— Жоқ, Мерей, кез келген сөйлемге ат қоюға болмайды. Сөйлемдер өзара мағынасы жағынан байланыста болса ғана оларға ат қойылады.



- Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойып көріндер.




2-жаттығу. Көркем жаз.

Уыз – жаңа туған малдың сүті.
 Ол қою, тәтті болады.

✓ 3-жаттығу. Сурет бойынша өңгіме құрап айт.



✓ 4-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш.



5-жаттығу. Сөзжұмбақтың шешуіндегі сөздерді «ішемін», «жеймін» қатарына бөліп жаз.



Ішемін: *шай*, ...

Жеймін: *ет*, ...

ҮЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

Мәтін



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Шұбат

Сен шұбат ішіп көрдің бе? Шұбатты қалай өзірлейтінін білесің бе? Шұбатты түйе сүтінен ашытып жасайды. Халқымыз «Шұбат – жанға қуат» деп бекер айтпаған. Өйткені шұбат – шипалы сусын. Шұбат ішсеңдер, денсаулықтарың мықты болады.



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтін не туралы?
- 2) Шұбатты неден жасайды?
- 3) Шұбаттың қандай пайдасы бар?
- 4) Саған шұбат үнай ма?



2-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Түйе маған шұбат берді,
Шұбат маған қуат берді.



3-жаттығу. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып, 2–3 сөйлем құра.

1'



,



, , ,

4-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрандар.



18 

1-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.



Шұжық

Дәмді тағам шұжық,
Түрі ұзынша қызық.
Ағам көрсе тоймайды,
Оңайға апам қоймайды.

Тұрысбек Еділбаев

Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өлең не туралы?
- 2) Шұжық қалай жасалады?



- 3) Еттен тағы қандай ұлттық тағамдар өзірленеді?
- 4) Бұл өңгіме ме, өлең бе?
- Өлеңді жаттап ал.





2-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қымыз – ұлттық тағам. Ол бие сүтінен жасалады. Оның емдік қасиеті мол.



3-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш. Шешуіндегі заттарға өзің жұмбак құрап көр.



4-жаттығу. Қатесіз жаз.

Жент, шұжық, ірімшік, сұзбе.




5-жаттығу. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзге мәтін құра.



“ ”



‘ ’



“ ”



Ы

‘ ’



У

‘ ’



“ ”





1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Киіз үй ішінде бір топ ауыл ақсақалдары қымыз ішіп отыр. Өкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені қасына шақырып алды. «Аталарыңа сөлем беруді ұмытпа дегенім қайда?» – деп сыйырлады. Мен үйден шыға жөнелдім. Біраздан соң, үйге қайта кірдім. «Ассалау мағалейкүм, аталар!» – деп амандастым. Өкем басымнан сипап: «Жарайсың, балам, өдепті бала солай істейді», – деді.

Бауыржан Момышұлы



- Мәтінге ат қойып көр.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Өдепті бала қандай болу керек?
- Өзің үлкендермен қалай сөлемдесесің? Сөлемдескенде қандай сөздерді қолданасың?

2-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.



Алдымыздан кезіккен,
Көп танысты көреміз.
Бәріне де ізетпен,
Біздер сөлем береміз.

Ермек Өттемілеуұлы




3-жаттығу. Ас мәзірін құра. Ол үшін Е өрпін – таңғы, Т өрпін – түскі, К өрпін – кешкі аста жегің келетін тағамдардың қасына қой. Көп жеуге болмайтын тағамдарды көрсет.



1



2



3



4




5



6



7



8



9



10



4-жаттығу. Сызбадағы тірек сөздермен «Сұзбе» деп аталатын мәтінді құрап жаз.

Сұзбе

үйыған айран

дорбаға құяды

сүйн сорғытады

еziп қосады


ӘҢГІМЕ ОҚИМЫН

Сөйлем

20



1-жаттығу. Ертегіні тыңда.



Бауырсақ

Бір кемпір мен шал болышты. Бірде шал:

– Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші, –
дейді.

– Неден пісірейін? Үн жоқ қой.
– Эй, кемпір-ай! Қаптың түбін қырнап көрсөң
ғой. Бауырсаққа жарайтын үн табылып қалар.

Кемпірі солай істейді. Қап түбін қырып, екі уыс
үн табады. Содан қамыр илеп, бауырсақты майға
пісіреді. Терезе алдына суытқалы қояды.

Жата-жата жалыққан бауырсақ үйдің іргесіне
домалап түседі. Іргеден көгал үстіне домалайды.



- Ертегі не туралы?
- Ертегіні өзің ары қарай жалғастырып көр.



2-жаттығу. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді көшіріп жаз.



• Оларды өзара салыстырып, өзің қорытынды жаса. Жасаған қорытындынды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Сөйлем аяқталған бір ойды білдіреді. Сөйлемнің бірінші сөзі бас өріптен бастап жазылады. Сөйлемнен соң не нүкте (.), не сұрақ белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.



3-жаттығу. Көркем жаз.

Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!



4-жаттығу. Сөйлемдерді тиісті дауыс ыргағымен оқы және суретпен сәйкестендір.



– Маған бауырсақ пісіріп берсеңші.



– Неден пісірейін?



– Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

5-жаттығу. Сызбаға сәйкес сөйлемдер құрап жаз.



L — — ?

— , — — — !

6-жаттығу. Төмендегі сөздерді сөйлесуде пайдаланып көр.



Ас болсын!
Ауыз тиіңіз!
Дәм алыңыз!

7-жаттығу. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөз туралы
білетініңді айт.



21



1-жаттығу. Мәтінді тында.

Тәтті тоқаш

Күн айғай-шумен басталды. Қызы кәмпит же-
гісі келді. Ал анасы:

- Алдымен ботқа немесе сүт ішіп, наң жейсің, — деді.
 - Наң мен сүт жаман! — деді қызы.



— Қызым-ау, ботқа мен нан дәнді дақылдан жасалған. Оларды Жер-Ана өсірді, — деп түсіндерді анасы.

— Ф-ф-у, нанды ма? Көмпіт тәтті, ал нанда түк дәм жоқ.

Анасы ашуланып, кетіп қалды. Біраз уақыт өткен соң, қыздың қарны ашты. Ол ...

Александра Лопатинадан өңделген нұсқа



Мәтінді өзің жалғастырып көр.

Өз ойыңмен бөліс.

1) Қалай ойлайсың, қыздың нан туралы ойы дұрыс па?

2) Нан туралы өз ойынды айт.

3) «Ас атасы – нан» деп неліктен айтады?

2-жаттығу. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.



Қарақұмық – адам ағзасы үшін пайдалы тағам.
Одан ботқа пісіруге болады. Дәнінен май алынады.

- Әр сөйлемде неше сөз бар екенін айт.
- Сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы тауып көр.



3-жаттығу. Көркем жаз.



Жан – ардақты, асыл ас.

Аттасас одан кәрі-жас.



4-жаттығу. Бірің даяшы, екіншің тапсырыс беруші болып сөйлесіндер.



5-жаттығу. Мына пиццалардың құрамы әртүрлі. Әр пиццаның қасындағы әріптерді дұрыс орналастырсаң, олардың құрамында не бар екенін табасың.



**БРШЫҚ
ТЕ**



**АЙҚЗНАҚ
ТЕ**



**РІМІКІШ
ҚЯИР**



22

ӘҢГІМЕ ОҚИМЫН

Сөйлемдегі сөздердің байланысы



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Мектептен үйге қайтып келе жаттым. Қарным ашқан соң, сөмкемді ашып, асханадан сатып алған тоқашымды жайбаракат жеп келе жатқанмын. Артымнан тықыр білінгендей болды. Бұрылып қарасам, бір ит соңымнан еріп келеді еken. Аш әкені түрінен көрініп-ақ түр. Менін қолымдағы нанға ашқараптанғана қарап жұтынады. Тоқашымнан бір үзіп алып, итке тастадым. Соңымнан біраз жүрді де, менде енді нанның жоқтығын сезді білем, күдерін үзіп қала берді.

«Балдырган» журналынан



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Бала не істеді?
- 2) Ол итке не берді?
- 3) Ит неге қалып қойды?



2-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

Бала мектептен келе жатты. Ол итті көрді. Бала итке нан тастады.

Улгі:

- 1) Бала келе жатты.
- 2) Мектептен келе жатты.

3-жаттығу. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойып, олардың байланысын сұрақ қою арқылы тап.

Аспазшы тоқашты пісіреді.

... ...? – Аспазшы пісіреді.

... ...? – Тоқашты пісіреді.



4-жаттығу. Көркем жаз.



Нанды аяқ, астына тастама.

Сүтті текле.

- Жазған сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

5-жаттығу. Суретке қара. Саққұлақты тамақтандыруға көмекке кел. Оның не жейтінін айт.






23



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы, мазмұнын айт.



Шие тергенде

Шие піскен уақыт. Өмина өже немерелері Жанат пен Қанатты ертіп, шие теруге орманға келді. Көп ұзамай-ақ шиеге кезікті. Қып-қызыл шиелер шашылған маржандай көз тартады. Жанат терген шиесін қолындағы ыдысқа жинай берді. Қанат шиені тойғанынша жеп, сонан соң өз бетімен ойнап кетті.

Жанат жинаған шиелерін атасына беріп жатып:

— Ата, мына шиелерді өдейі сіз жесін деп орманнан теріп өкелдім, — деді.

— Көп жаса, Жанатжан! Өскенде мені сен асырайды екенсің, — деді атасы, бір шиені аузына салып.

Мәдіхат Төрежанов

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды толықтыр.



1. Өмина өже кімдермен шие теруге барды?
2. Олар неге кезікті?
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.

2-жаттығу. Суреттерге қарап, берілген ыдыстарға қажетті жемістер мен көгөністерді сәйкестендір.






3-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Балалар орманға барды. Олар шие терді. Жанат шиені атасына берді.

- Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойып, олардың байланысын тап.



4-жаттығу. Шие ыдыстың сыртында қалатындей етіп, екі таяқшаны қозға. Суретін салып, сипаттап көр.




5-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Торғай тоғайды ұнатады.

Тоғай торғайды ұнатады.



- Сөйлемдегі сөздердің байланысын сыйбамен көрсет.
- Берілген сыйба бойынша сөйлем құра.





1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Тұлкі мен құмыра

Егін оруға шыққан бір

сүтімен шөптің арасына қояды. Мұны

көреді де, жасырын келіп,

ішіне басын сұғып, сүтті ішеді. Бірақ басын

кері шығара алмай өлек болады.

Сонда:

— Ау,

, біраз ойнадың ғой, жетер. Жібер енді басымды! — депті

. Қанша жүлқынса да,

басын шығара алмапты. Содан соң ашуға басыпты.

— Қап, бәлем, тұра тұр! Сені суға батырмасам ба! — деп, жүгіріп барып

қарғып түседі де, суға батып кетеді.


- Мәтінде не туралы айтылған?
- Ертегі мазмұнын айт.
- Ертегі мазмұны бойынша сұрақ қой.
- Мәтінде неше сөйлем бар?



- Бірінші сөйлемде неше сөз бар?
- Есіңе түсір, сөз неден құралады?
- Өз жауабынды тәмендегі ақпаратпен салыстыры.



Сөз дыбыстан құралады. Ол белгілі бір мағынаны білдіреді.



2-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Сүтке толы құмыраны көрді. Тұлқі оны ішпек болды.



3-жаттығу. Сүт, бал сөздерінің бір дыбысын өзгертіп, бірнеше сөз жасап көр. Сөз мағынасы қай дыбыстың әсерінен өзгеріп тұрғанын айт.

Үлгі: тол – тон – тор – топ.



4-жаттығу. Жаңылтпашты дұрыс аяқтап жаз.

Дән – дәulet,

Дәulet – дән.

Сән – сәulet,

Сәulet – Сән.

Ән, сән, үй
2 1 3

ӘҢГІМЕ ОҚИМЫН

25



Сөз

1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Ақ наң неге ақ?

Нан дүкенінен келе жатып, Ержігіт апасына тосын сұрақ қойды:

- Апа, ақ наң неге ақ, қара наң неге қара? Бұл үнға байланысты ма? Өлде...
- Дұрыс таптың, балам. Үн әртүрлі: ақбидай ұны да, қарабидай ұны да болады. Ақбидай ұнынан ақ наң, қарабидай ұнынан қара наң пісіріледі.

- Өлең бе, өлде әңгіме ме?
- Мәтінде не туралы айтылған?
- Мәтіннен мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып айт.



2-жаттығу. Көркем жаз.



Білікті диканның еліні дімік.

3-жаттығу. Өлеңді жатқа жаз. Қарамен берілген сөзге мағынасы қарама-қарсы сөзді тап.



Нан

Ерте тұрып таңнан,
Пісірді апам ақ наң,
Кетер емес өлі
Тандайымнан дәмі.

Тұрысбек Еділбаев



4-жаттығу. Суреттегі көгөністердің таласын диалог арқылы жүзеге асыр.



5-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақты шешуімен бірге көшіріп жаз.

Қалың қиімді ұнатады,
Шешіндірсек, жылатады.



• Қарамен берілген сөзге мағынасы қарама-қарсы сөзді тап.




6-жаттығу. Жаңылтпашты оқып, жатқа айт.

Торт қойдым,
Орта қойдым.
Орта қойдым,
Жорта қойдым.



1-жаттығу. Мысалды түсініп оқы.



Есік алдында бір түйір бидай мен жүгері таласты да қалды.

— Мен ірімін, — деді бидай.

— Жоқ, мен! — деді жүгері.

Айтыс аяқталмай қалды. Өтеш келді де, екеуін де шоқып жеп қойды.

— *Балтабай Әділов*

- Қарамен берілген сөзді басқа қандай сөзben алмастырып айтуға болады?



2-жаттығу. Көп нүктенің орнына сол сөзге мағынасы жуық сөзді тауыш жаз.

зілдей — ...

сәлемдесу — ...

суық — ...

әдемі — ...



3-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.

Сүт

Май алады сүттен,
Құрт алады сүттен.
Сүт алады молырақ,
Малын баптап күткен.

- Өлеңді жаттап ал.



4-жаттығу. Қаймақ сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздерді жаз.

--	--	--	--	--

--	--	--

--	--

--	--	--



27



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Бүгін – демалыс. Өли Мерейдің үйіне келді. Жаңында қара күшігі бар.

Тұсте Мерейдің анасы тұскі ас ішуге шақырды. Анасы көже құйып тұрып:

– Қасықтарыңды алындар, ал мен киім үтіктеуге кеттім, – деді.

– Мерей, қара, менікі қасық емес, қайық! Ал мынау – көл!

Осы кезде асүйге анасы кіріп:

– Қане, балықшылар, қайықтан қайтадан қасыққа айналындар да, көжелерінді ішіндер! – деді.

И.И. Асеевадан өңделген нұсқа

- Мәтіннің мазмұнын айт.
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп көр.

2-жаттығу. Жаңылтпашты көшіріп жазып, қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп көр.

Бакта көп қой алма,
Көк қой өлі, алма.

3-жаттығу. Жұмбакты көшіріп жазып, шешуін тап.

Отқа қойсаң елпілдеп,
Быж-быж етіп тұншығар.
Тақиясы селкілдеп,
Танауынан бу шығар.

--	--	--	--	--	--



4-жаттығу. Суреттегі алмаларды салыстырып сипатта.
Кірпінің ініне қай алмалар кіре алғатынын айт.



1-жаттығу. Мәтінді оқы.

Ақлақ – қой сүтінен жасалатын дәмді тағам. Сүтті қайнатып, ірітіп, ақ ірімшік етіп алады да, ыстық қалпында оған май салып араластырады. Ақлақты қарттар мен сәбілерге береді.

«Жеті қазына» кітабынан

- Қарамен берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөз тап.



Мәтінді басшылыққа алып, «Ақлақ» тағамының ре-
цебін жасап көр.

- Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндір.

2-жаттығу. Көркем жаз.



Ақылак - кой сүтінен жасалғатын даңғыл
тазалы.

3-жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.



Құрт

Қатты құртты жейміз,
«Дәмі қышқыл» дейміз.
Салма артық күшінді,
Сындырасың тісінді.

Тұрысбек Еділбаев

✓ 4-жаттығу. Суреттегі көгөністердің атын тап.







Суреттегі көгөністерді түрі мен дәмі жағынан салыстырып көр.

/ Улгі: Пияз – ащы, ал қызылша – тәтті. Қияр – бұдыр, ал қызанақ –



5-жаттығу. Сөйлемдерді өз үйшіктеріне кіргіз.

1. Қандай тапсырыс бересіз?
2. Нанды неден пісіреді?
3. Астарыңыз дәмді болсын!
4. Мен бөліш жасай аламын.
5. Нұрлан «Сарыағаш» сұы туралы мәтін құрады.
6. Сенің жасаған салатың қандай дәмді!




ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Заттың атын білдіретін сөздер

29 

1-жаттығу. Суретке қара.



- Қалай ойлайсың, күн тәртібінің денсаулыққа қатысы бар ма?
- Денсаулық сөзін қалай түсінесің?
- Өз күн тәртібін туралы әңгімелे.

Күн тәртібі сенің сергек болуыңа көмектеседі. Күн тәртібін сақтасаң, көп нәрсеге үлгересің.





2-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Мектеп стадионында бір қария мен 7–8 жастағы бала күнде таңертең кездеседі. Қария түрлі жаттығулар жасайды. Арасында жүгіріп те қояды.

Ал бала болса, тек итін қыдыртып жүреді. Бірде бала қариядан осынша жасқа келсе де, спортпен айналысының себебін сұрайды.



- Қарияның берген жауабын айтып көр.
- Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой. Олардың заттың атын білдіріп тұрғанын байқа.



Заттың атын білдіретін сөздерге **кім?** **кімдер?** **не?** **нелер?** сұрақтары қойылады.



3-жаттығу. Көркем жаз.

*Аскар мен Марат үнемі жаттығулар жасайды.
Сондықтан алар көңілді жүрдегі.*



4-жаттығу. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз. Заттың атын білдіретін сөздерді тауып, оларға сұрақ қой.

Кел, балалар, келіндер,
Колдарыңды беріндер,
«Мысық-тышқан» ойнайық,
Бірақ араз болмайық.

Нұрқан Жанаев



- Бұл ойынды ойнап көрдіндер ме?
- Бұл ойын сендерге ұнай ма?

5-жаттығу. Суретке қарап, балалардың көңіл күйін анықта.



Сен бет әлпетінді өлең мазмұны бойынша өзгертіп, әртүрлі көңіл күйді көрсет. Оны сыныптастарың тауып көрсін.



«Uh!» дедім,
«Тuh» дедім,
«Ой!» дедім,
«Ah!» дедім,
«Eh!» дедім,
«O!» дедім,
«И!» дедім,
«Е!» дедім,
Мен неге өйттім?
Кім айттар себебін?

Ескен Елубай



30



1-жаттығу. Өлеңді жаттап ал.

Дос бол сабын, сумен сен,
 Жиі-жіе жуын сен.
 Таңтерең де, кеште де,
 Жұын күндіз, түсте де.
 Жұын тамақ алдында,
 Жұын тамақ соңында.
 Жұын үйықтар кезінде,
 Жұын тұрған мезгілде.
 Су мен сабын – бір жолдас,
 Жоймас олар кір болмас.

Ермек Өтетілеуұлы



Өз ойынмен бөліс.

- 1) Өлең не туралы?
- 2) Таза, ұқыпты болу үшін не істеу керек?
- 3) Сумен шынығу үшін не істейсің?
- 4) Заттың атын білдіретін сөздерді тап.



2-жаттығу. Жұмбакты көшіріп жазып, шешуін тап.

Дәмі де жоқ, түсі жоқ,
 Пайдаланбас кісі жоқ.

С У



3-жаттығу. Қөркем жаз.

Ая, су, күн, шанды, коньки.

4-жаттығу. Сызбаға қарап, не арқылы шынығуға болатынын тап.



1. Суық сумен жуыну.
2. Шомылу.
3. ...
- 4.

31

1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Дені саудың – жаны сау

Адам денесінің жетілуі оның денсаулығына байланысты. Егер денің сау болсын десең, оны шынықтыру керек.



Дені сау адамның көңіл күйі жақсы болады. Ақыл-ойы да тез дамиды. Сондықтан денсаулықты күту қажет. Бұл үшін дұрыс тамақтанып, тазалықты сақтау керек. Дене шынықтыру жаттығуларын үзбей жасау керек.



- Мәтінде не туралы айтылған?
- Денсаулықты күту үшін не істеу керек деп ойлайсың?



2-жаттығу. Көркем жаз.

*Магалық - денсаулық кепіш.
Денсаулық - байлық негізі.*



3-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Заттың атын білдіретін сөздерді тап.

Ақын, өнші той бастар,
Шешен адам сөз бастар.
Батырлар бар қол бастар,
Көпті көрген жол бастар.

Кенен Әзірбаев



4-жаттығу. Әріптер мен сандарды пайдаланып, жасырынған сөздерді тап. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

A T Y M Ш R C B K
1 2 3 4 5 6 7 8 9

Үлгі: 53436 — шымыр, ...



1-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Ауылда өстік.
 Балалық шақта,
 Біз деген бұрын,
 Спорттың ешбір
 Білмедік түрін.
 Тек ойнап-құліп,
 Өскенде білдік.
 Аязда тоңып,
 Шілдеде күйдік.
 Ләңгіні тептік,
 Асықты аттық,
 Бәйгеге шаптық.
 Қозы, лақ қуып,
 Шөп шаптық малға.

Шынықты солай
 Ауылда өркім...

Ескен Елубай



- Өлең не туралы?
- Осы өлең арқылы автор не айтқысы келді деп ойлай-сың?
- Өлеңге ат қой.
- Өлеңнен заттың атын білдіретін сөздерді тауып, оларға сұрақ қой.

 **2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сұрақтарды қойып, сөздерді көшіріп жаз.

...? – асық, ләңгі, қозы, лақ, шөп.


...? – асықтар, ләңгілер, қозылар, лақтар, шөптер.

...? – бала, ұл, қыз, спортшы.


...? – балалар, ұлдар, қыздар, спортшылар.

 **3-жаттығу.** Көп нүктенің орнына кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздер қойып оқы.

дос
...
...
...



іні
...
...



Жазған сөздеріңе сұрақ қой. Сұрақтарды өзара салыстырып, қорытынды жаса.

 **4-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті суреттерді қойып, өлеңді оқы.



Жаратының – ...

Оратының – ...

Қазатының – ...

Үгетінің – ...

Жұлатының – ...



5-жаттығу. Жұмбақты қөшіріп жазып, шешуін тап.




Жерге тимей жотасы,
Атанған күш атасы,
Айбаттыны кім дейді?
Қайраттыны кім дейді?

ПАЛУАНДАР

- Қандай палуандарды білесіңдер? Палуандар туралы дереккөздерден ақпарат іздең көр.



6-жаттығу. Сурет бойынша әңгімелеп көр.





ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Бас әріппен жазылатын сөздер



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын айт.



Дәмді сорпа

Жағыпар дән Жапар көлге күнүзак қармақ салып, бірнеше шабақ ұстап алды. Оны от жағып пісірді. Сорпаға қосатын не тұз, не пияз, не бұрыш жоқ. Сонда да піскен соң, таза ауада рақаттанып ішпе бастады. Бір-біріне:

– Сорпа дәмді болды, – десіп қояды.

Кеште бұлардың қасына қой бағып жүрген Жарылғап келді. Ол балалармен бірге отырып сорпа ішті:

— Балықтың сорпасына еңбектерің сіңген екен.
Термен келген ас дәмді болады, — деді құліп.
Жағыпар мен Жапар бір-біріне жымия қаасты.

Мәдіхат Төрежанов



- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қой.
- Мәтіндегі негізгі ойды айтып көр.
- Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой, олар неліктен бас әріппен жазылды деп ойлайсың?
- Жауабынды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Адамның және жер-су аттары бас әріппен жазылады: Досан, Қарағанды, «Балуан Шолақ» спорт кешені.



2-жаттығу. Мақалды көшіріп жаз.

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.



3-жаттығу. «Балық аулау» ойынын ойна.





Суреттегілерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз. Оларға сұрақтар қой.



4-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Жарыста Ораз озар ма екен,
Ажар озар ма екен?

- Адам аттарының астын сыз, оларға сұрақ қой.
- Сенің атыңды кім және неліктен осылай қойды? Білмесең, ата-анаңнан сұрап ал.



34



1-жаттығу. Мәтінді оқы.



Атам – құсбегі. Оның аң аулайтын бүркіті мен тазысы бар. Бүркітті қолға үйретіп, оған **Ақсұңқар** деп ат қойды. Мен тазыны **Ақтөс** деп атадым. Ақсұңқар мен Ақтөс маған ұнайды.

- Құсбегілік спорт түріне жата ма?
- «Құсбегі» сөзінің мағынасын сөздіктен қарап біліп ал.
- Қарамен берілген сөздер неліктен бас өріптен басталып түр деп ойлайсың?



Хайуанаттар мен үй жануарларының аттары бас өріптен басталып жазылады: Тарлан, Құтжол.


2-жаттығу. Жұмбақ өлеңді көшіріп жаз.

Іледе бар,
Жайықта жоқ.
Түйеде бар,
Балықта жоқ.

Ескен Елубай

- Бас өріппен жазылатын сөздерді тап, неліктен солай жазылғанын түсіндір.

3-жаттығу. Берілген өріптерден басталатын жер, су аттарын ата.



4-жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

Өзенге кеп жағаға,
Шешіне сап бәрі де,
Болат, Сағат, Тана да, *Чүйге*
Жүзіп барды өріге.

Женіс Қашқынов



35

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПЛІ

Заттың қимылын білдіретін сөздер



– Ертеңгілік жаттығулар спорт туріне жата ма?



– Иә, бұл жаттығулар сенің күні бойы көнілді, сергек жүруіңе және мықты болып өсуіңе көмектеседі.



– Ал менің спортпен айналысқым келеді, бірақ уақыттым жоқ. Сабақ оқимын, теледидар көремін, ойнаймын. Анама да көмектесуім керек. Мен не істесем екен?

Балалар, бұл сұраққа сендер не дейсіндер?



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Ертеңгілік жаттығулар

Әр бала үйқыдан оянғаннан кейін гимнастикалық жаттығулар жасауды керек. Жаттығуды бастарда аяқтың арасын алшактау үстап, қолды мықынға немесе иыққа қояды. Содан кейін: 1) денені еki жаққа кезек бұрады; 2) он мен солға кезек иіледі; 3) алға қарай иіледі (қолды еденге жеткізу керек); 4) қолды белге қойып, денені қозғалтады.

«Шаңырақ» үй-түрмис энциклопедиясынан



- Мәтінде не туралы айтылған?
- Сен осылардың қайсысын жасайтыныңды көрсет.
- Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой. Олар нені білдіреді? Жауабыныңды келесі беттегі ақпаратпен салыстыр.



Заттың қымылын білдіретін сөздерге не істеді? қайтті? деген сұрақтар қойылады: *келді, жазды, өсті*.



2-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Балалар аулаға жиналды. Екі топқа бөлінді.
Олар хоккей ойнады. Бірінші топ женіске жетті.

- Заттың қымылын білдіретін сөздерді тап. Оларға сұрақ қой.



3-жаттығу. Балалардың қайда бара жатқанын айт және өз ойынды дәлелде.



4-жаттығу. Көркем жаз.

Ишыңқсан, Ишмыр, баласын.



36



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Жүгіру, секіру, лақтыру, гимнастика – осының бәрі спорт түрлөрі. Ал спортпен айналысатын адамды спортшы деп атайды. Олардың үздіктерін анықтау үшін жарыстар өткізіледі. Ең басты жарыс – Олимпиадалық ойындар.

Қазақстан өз Олимпиадалық чемпиондарын мақтан етеді.

Суретте – Қазақстан чемпиондары. Олар спорттың қай түрінен/женіске жетті деп ойлайсың?



Жақсылық Ушкемпіров



Илья Ильин



Бекзат Саттарханов



Ольга Шишигина

• Суреттегі чемпиондар туралы дереккөздерден біліп ал.

2-жаттығу. Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырып, көшіріп жаз.



Айжан мен Марат



Мағжан



Серік



3-жаттығу. Суреттер бойынша әңгіме құрап көр.



4-жаттығу. Алғашқы дыбысы кестедегі әріптерден басталатын қимылды білдіретін сөздерді тап.

К	И	М	Ы	Л
занял заряд	им тын			



37



1-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Білегінде бұлтындал,
Бұлшық еті ойнайды.
Белдескенде қутындал,
Жеңіп шықпай қоймайды.
Кіріп кетіп ішінде,
Аяқтан да шалады.
Келіп қалса ыңғайға,
Жамбасқа алып ұрады.
Жарыстарда жүлде алған,
Оған кім бар таласар?

Жеңіс Қашқынов



- Өлеңге ат қой.
- Өлең мазмұнын әңгімелеп.



2-жаттығу. Қөркем жаз.

Палуан балу онай ма?

Кажет оған көп айла.




3-жаттығу. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, мәтін күрап жаз.

Денсаулық, адам үшін, күту, пайдасы, денені шынықтыру, маңызы зор.



4-жаттығу. Берілген сөз беріп буындардан мақал құрастыры.



Миң



1-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Қақпаши



Қақпа мен қақпаның
Арасы көп қашық.
Бір тыным таппадым,
Домалап доп қашып.



Куамыз қақпайлап,
Туралап тебеміз.
Тепкен доп өтпей қап,
Күйініп келеміз.

Бір де доп өткізбей,
Қақпаши күледі,
Қақпаға жеткізбей,
Қайтара біледі.

Әділгазы Қайырбеков



- Балалар қай ойын түрін ойнады?
- Өлең мазмұнын әңгімелеге айналдырып көр.
- Өлеңнен заттың қимылын білдіретін сөздерді тап.



Оларға сұрақ қой.

2-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Заттың қимылын білдіретін сөздердің астын сыз.

Доп домалап келеді,
Футболшы оны тебеді.
Дәлдеп алып қақпаны,
Доп соққаны жеңеді.

Бөрібай Оразымбетов

 3-жаттығу. Көркем жаз.

Футбол, футболшы, волейбол.

- Бұл сөздердің жазылуын есте сақта.



4-жаттығу. Футбол добы мен волейбол добы болып бір-бірінмен сөйлесіндер.



_____ ?
_____ ?
_____ ?
_____ .



- Футбол добы мен волейбол добын өзара салыстырып көріндер.





- Доппен ойнайтын тағы қандай ойындарды білесіндер?



5-жаттығу. Суреттен он айырмашылықты тауып көр.

әйде



ШЫНЫҚСАҢ ШЫМЫР БОЛАСЫҢ

Заттың сынын білдіретін сөздер

39 

1-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.



Рақат қой салқын су

Мәңгі ерімес мұз, қары
Тау қойнында туғам мен.
Суық қой деп ызғары,
Қорықпаймын судан мен.

Су пайдалы адамға,
Шынығамын күнде мен.
Тоңбайды аяз-боранда
Салқын суға үйренген.

Мұзафар Әлімбай

- Өлеңді жаттап ал.
- Өзің салқын суды ұнатасың ба?
- Сумен шынығу дегенді қалай түсінесің?
- Қарамен берілген сөзге сұрақ қой.



 Заттың сынын білдіретін сөздерге қандай? қай? деген сұрақтар қойылады: **жасыл, терең, кең.**

2-жаттығу. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.
Қандай? сұрағына жауап беретін сөздің астын сыйз.



Айдын суда жалтыр,
Құлаштап жүзіп, малтыр.

Ж У З І У І






3-жаттығу. Мәтінді жалғастырып жаз.

Бассейнде

Мен суда жүзгенді ұнатамын. Бірақ өлі жүзе алмаймын.



4-жаттығу. Суретке қарандар. Сурет бойынша заттың сынын білдіретін сөздерді қатыстырып, мәтін құрандар.



5-жаттығу. Көп нүктенің орнына заттың сынын білдіретін сөздерді қойып жаз.

- ✓ ... бұлак
- ... өзен
- .. тау



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Футбол

Балалар футбол ойнауға жиналды. Асқар қақпаши болды. Оның иті Ақтөс қақпа жанында шоқып отыр. Футбол ойыны қыза бастады. Бір кезде доп Асқарға қарай оқтай ұшты. Допты ұстай алмаған қақпаши жығылып жатты. Жанкүйерлердің шулаған дауысы Асқарды қатты абыржытты. Асқар орнынан тұрып, артына қарады. Ақтөс допты ~~аудинғы~~ екі аяғымен ұстап, қақпаға жібермей отыр екен. Қуанған Асқар да елмен қосыла айқайлады.

Шәрін Әуелбаев





- Мәтін не туралы?
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қой.
- Асқардың көңіл күйін ишарамен көрсет.



2-жаттығу. Сөйлемдерді есту бойынша жаз.

Балалар жасыл алаңға шықты. Асқар қақпашы болды. Бүгін ойын қызықты өтті.



3-жаттығу. Доптың сипатын білдіретін сөздерді тап.



4-жаттығу. Жұмбакты оқып, шешуін тап. Жұмбактың алғашқы төрт жолын көшіріп жаз.

Кішкене ғана доп,
Өзінде дамыл жоқ.
Тақтайларға үнемі,
Ұрғылайды мандайын.

Бар кәсібі аласа
Торды қарғу әрдайым.
Тордан кетсе ойнақтап,
Ойыншыны ойлантпақ.

СЕЙФОЛЛА ОСПАНОВ

Сейфолла Оспанов



5-жаттығу. Суретке қара. Сурет мазмұны бойынша бір-біріңмен сөйлесіңдер.



41




1-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Спорт үйірмесі

Мектепте ашылып
Спорттық үйірме,
Жатырмыз жазылып.

Кім қайда барады?
Қай спорт түріне
Барса топ жарады?!

Бекенге бойы ұзын
Баскетбол қолайлы,
Деп шештік ол үшін.





Бекенге баяғы,
Жүгірген ыңғайлы,
Ұзын ғой аяғы.



Секенге сүйекті
Күрескен оңтайлы,
Сыбанып білекті.



Ал, бокс лайық
Сәкенге бұзақы,
Өзі тұр сұранып.



Төкенге дембелше
Штанга келеді,
Қара күш дем берсе.

Бар мұның талабы
Шахмат ойнауға,
Тек Өкен жарайды.

Ескен Елубай



- Өлең не туралы?
- Неліктен «Спорт үйірмесі» деп аталған?
- Өлең мазмұны бойынша мектепте қандай спорт үйірмелері бар екенін айт.
- Өзің қандай үйірмеге қатысад едің?



2-жаттығу. Көркем жаз.


*Спорт, баскетбол, волейбол, бокс, штанга,
шахмат.*

3-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз. Заттың сынын білдіретін сөздердің астын сыз. Оларға сұрақ қой.



Доп, доп, доп,
Қызыл, жасыл, көк.
Доп, доп, доп,
Бұдан жүйрік жок.

4-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құра. Әңгімеде заттың сынын білдіретін сөздерді пайдалан.



5-жаттығу. Үйқасын тап.



Сылдыр қағып,
Таудан құлап,
Жатыр ағып,
Мөлдір



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Илья Ильин Қызылорда қаласында дүниеге келген. Отбасында үш ұлдың кенжесі. Спортзалға алғаш рет алты жасында барған. Ал арнайы секцияда жаттығуды сегіз жасынан бастаған.

Ол – Қазақстанның зілтеміршісі. Қазақстанның тұңғыш олимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы.

Илья – өлемнің төрт дүркін чемпионы.



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтін кім туралы?
- 2) Илья Ильин саған неліктен үнайды?
- 3) Тағы қандай чемпиондарды білесін?
- 4) Қазақстандық зілтемірші қыздар туралы не білесін?



- Мәтіндегі жазылуы қиын сөздерді тап. Олардың жазылуын есте сакта.



2-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз, заттың сынын білдіретін сөздің астын сыз.

Бақыты бол бар елдің,
Тұрар биік орында.
Чемпионы өлемнің
Болар күні өлі алда.

3-жаттығу. Көркем жаз.



Илья Ильин - жылдаршы.


4-жаттығу. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Шешуіндегі сөз туралы сөздіктен біліп ал.



Арқан байлад беліне,
Шымырлықпен бекіне.
Өрмелейтін қай өрен,
Шықпақ шырқау шегіне?



5-жаттығу. Қай спортшы мәреге алғашқы болып жетеді?





43



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Шайба

Мұзайдынында бір топ бала хоккей ойнады.

– Шайба! Шайба! – деген дауыстар шығып жатты. Сол кезде Марат қарсыластар қақпасына шайба соқты.

– Жарайсың, Марат! – деді балалар.



- Өзің хоккей ойнап көрдің бе?
- Саған хоккей ойыны үнай ма?

2-жаттығу. Жағдаятты оқып, өзің хабарландыру жазып көр.



Хоккейден мектепішілік жарыс өтеді. Хабарландыру жазу 1 «а»-сыныбына тапсырылды. Олар «Жарыс 2 наурызда болады» деген хабарландыру жазды. Оны арнайы тақтаға ілді. Хабарландыруды оқыған үлкен кісі басын шайқады.

Қалай ойлайсың, хабарландыру дұрыс жазылды ма? Сен қалай жазар едің?

3-жаттығу. Артық затты тап.



- Суреттегі артық заттан басқа заттарды кімдер пайдаланады?
- Парашют не үшін қажет?
- Өзің осы заттардың қайсысын пайдаланаңың?



4-жаттығу. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

Хоккей

Арыстандай айбатты,
Хоккейшілер қайратты.

– Шайба!

– Шайба! – дегенде,
Шайқасады-ау, ой, қатты!

Ермек Өтетілеуұлы

- Заттың сынын білдіретін сөзді тап. Оларға сұрақ қой.



5-жаттығу. Көркем жаз.

Казақша күрес - ежелі спорт ойыны.

Күрестің адам батыл, енгіз бауы керек.



6-жаттығу. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөз туралы білестініңді айт.



, ,



,



C


СПОРТ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ ОҚИМЫН

Заттың санын білдіретін сөздер

44 



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Үстел тенисі – дүниежүзіне кең тараған ойын.
Бұл ойынды жеті-сегіз жастан бастап ойнайды.
Тоғыз жастан жарыстарға қатысуға болады.

Үстел тенисін жазда аулада, қыста мектептің спортзалы сияқты кең бөлмеде ойнай беруге болады.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

- Мәтін не туралы?
- Мәтінге ат қой.
- Өзің тенис ойнауды ұнатасың ба?
- Бұл ойынның пайдасы неде деп ойлайсың?
- Мәтіндегі жазылуы қын сөздерден сөздік құрастыр.





• Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге сұрақ қой. Бұл сөздер нени білдіреді? Өз жауабынды төмендегі ақпарат-пен салыстыр.



Заттың санын білдіретін сөздерге қанша? неше? нешінші? деген сұрақтар қойылады: **бес, жеті, жиырма, сегізінші, отызынышы.**



2-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Заттың санын білдіретін сөздерді тап. Оларға сұрақ қой.

Бақтияр Артаев он бір жасынан бастап бокспен шүғылданады. Ол – олимпиада жеңімпазы.



3-жаттығу. Сандарды мұқият қара. Екі рет жазылған сандарды ата.

6 1 5 4 8 7
3 2 7 2 1 0 9 4
2 7 8 1 0 9 3



4-жаттығу. Жұмбакты көшіріп жаз. Шешуін тап. «Неше?» сұрағына жауап беретін сөзді анықта.

Үш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр.

--	--	--	--	--	--	--	--



1-жаттығу. Орны ауысқан сөйлемдерден мәтін құрап жаз. Мәтінге ат қой.



Оның көзі терезе алдында жылтырап жатқан бір затқа түсті. Гүлжазира басқалардың сонынан киінді. Жақындалап барып қараса, бауы бар алтын сағат екен. Денешынықтыру сабағы бітті. Апай оған риза болды. Гүлжазира сағатты мұғалімге табыстады.

Әлдихан Қалдыбаев

• Денешынықтыру сабағы аптасына неше рет болады?
Нешінші сабак?



- Апай Гүлжазираға не үшін риза болды?
- Осыған үқсас жағдайлар сенің өмірінде болды ма?



2-жаттығу. Үйқасын тауып, құрастырып жаз.

... жұз,
... жұз!





3-жаттығу. Санамақты сыныптастыңмен кезектесіп оқып көр.



Бір дегенім – бесік,
Шықтың одан өсіп.
Екі деген – елім,
Далам, тауым, көгім.
Үш дегенім – үміт,
Үміт артар жігіт.
Төрт дегенім – тәзім,
Тәзе білем өзім.
Бес дегенім – бақыт,
Бағалайтын уақыт.
Алты деген – ақыл,
Тыңдағаның макұл.
Жеті деген – жалау,
Жүректегі алау.
Сегіз деген – сөзің,
Серт берген кезің.
Тоғыз деген – тоқтау,
Елдің жоғын жоқтау.
Он дегенім – Отан,
Қорға соны, ботам!



Қадыр Мырза Әли



4-жаттығу. Сан арқылы жасырынған сөздерді тап. Сонда жер-су аттарын оқи аласың.

7су, 2бастұз, 5ағаш.



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.



Ат жарысы

Ұлттық спорт түрінің бірі – ат жарысы. Ат жарысы тәк жазық жерлер мен ипподромдарда өткізіледі.

Атты жарысқа дайындаудың үлкен маңызы бар. Егер аттың дайындығы кем болса, спортшы женіске жете алмайды. Атты дұрыс баптап, үйреткен спортшы ғана жарыстарда женіске жетеді.

«Ойын-сауық» кітабынан

Өз ойыцмен бөліс.

- Мәтін не туралы?
- Ат жарысы қандай жерде өткізіледі?



- Мәтін мазмұнын өңгімеле.
- Өзің ат жарысын көрдің бе?
- Мәтіннен заттың сынын білдіретін сөздерді тап.
- Мәтіндегі жазылуы қын сөздерден сөздік құрастыр.



2-жаттығу. Сандарды сөзбен жаз.

1, 7, 9, 4, 6.

3-жаттығу. Жұмбак өлеңді көшіріп жаз.

Саған жақын бір адам,
Үш өріптен тұрады.
Оқысаң да қай жақтан,
Бір сөз болып шығады.


1.

2.

3.

4.


4-жаттығу. Ребустарды шеш. Шешуіндегі сөздерді қатастырып, сөйлемдер құра.





5-жаттығу. Сәйкестендір. Заттың санын білдіретін сөздерді тап.

1. Қолдарымен бір допты,
Он екі ойыншы соқты.



2. Мұзды алаң,
Билеп жүр екі адам.



3. Кімнің үшқыр ойы?
Сайысатын кімдер, айт,
Үш раунд бойы?





НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрәндім?

1-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тап.


Теңбіл шұбар терісі,
Шөлдегі аңың ірісі.
Жонында жолы бар,
Бұл қандай жануар?

- Жұмбақ шешуіндегі сөз туралы ақпаратты дереккөзден іздеп тап.

2-жаттығу. Сөйлемді көшіріп жазып, заттың сынын білдіретін сөздерді тап.

Ол – айбатты, қайратты палуан.

3-жаттығу. Сұрақтардың орнына қажетті сөздерді тауып айтып, бір-бірлеріндең тексеріндер.



4-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Асқар тау, ну орман, айдын көл,
Асыл кен, көк егін, самал жел.
Жарқын жаз шақыруда қол бұлғап,
«Балдырган, бізге кел, бізге кел!»

Мұзафар Әлімбай

Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Өлең не туралы?
 - 2) Жаз мезгілі саған несімен үнайды?
- Өлеңнен заттың сынын білдіретін сөздерді тап.

5-жаттығу. Кестені тиісті сөздермен толтыр.

Заттың атын білдіретін сөздер	Заттың қимылын білдіретін сөздер	Заттың сынын білдіретін сөздер	Заттың санын білдіретін сөздер

6-жаттығу. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.

Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады,
Құсша қонады.



- Заттың қимылын білдіретін сөздерді тап.

7-жаттығу. Балапан неге ауырды? Суреттердің көмегімен сұрақтың жауабын айтып көр.



- Сурет мазмұны бойынша мәтін құрап жаз. Мәтінді «Балапан анасын тыңдамады» сөйлемінен баста.

8-жаттығу. Жазғы демалысынды қалай өткізетінің жайлы әңгімелे.

Алда жазғы демалыс. Ата-анаң шетелде демаламыз деп отыр. Бірақ сен ауылдағы ата-әжеңе демалыста келемін деп айтып қойдың.

Ата-әженді, әке-шешенді ренжітіп алмау үшін қандай шешімге келесің?

9-жаттығу. Балалардың қолдарындағы шарларда жа-
сырынған сөзді тап. Сонда сен қатты қуанасың.



— Алда сені қызықты
күндер күтіп тұр!



— Балалар, тек қызық
қуа бермей, кітап оқуды
да үмытпандар!



МАЗМҰНЫ

Тағам және сусын	3
Ас – адамның арқауы. Дыбыстар мен өріптер	3
Ас – адамның арқауы. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.....	8
Мектеп асханасы. Жұан және жіңішке дауысты дыбыстар.....	13
Біздің кафеде. Буын	19
Біздің кафеде. Тасымал	29
Үлттық тағамдар. Өліпбі	34
Үлттық тағамдар. Мәтін	40
Үлттық тағамдар. Мәтін	42
Әңгіме оқимын. Сейлем	47
Әңгіме оқимын. Сейлемдегі сөздердің байланысы	52
Әңгіме оқимын. Сөз.....	59
Дені саудың – жаны сау	
Денсаулық – зор байлық. Заттың атын білдіретін сөздер	67
Денсаулық – зор байлық. Бас өріппен жазылатын сөздер	76
Спорт – денсаулық кепілі. Заттың қимылтын білдіретін сөздер	80
Шынықсан ұмыры боласың. Заттың сынын білдіретін сөздер	87
Спорт туралы әңгіме оқимын. Заттың санын білдіретін сөздер	99
Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?	106